



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Thus, the creation of an effective mechanism to counter international terrorism in our country must, first of all, take place within the framework of the continuous improvement of national legislation, which in turn provides for an in-depth study of the international legal aspects of this problem. Therefore, the search for effective measures for the legal regulation of the fight against any manifestation of terrorism should not stop, and this requires strengthening the capacity and capacity to fight terrorism at the national and international levels.

### Literature

1. Abashidze A.H. Combating terrorism, the International Criminal Court and the Russian Federation // The Russian Yearbook of International Law. Special issue. St. Petersburg, 2003. - P. 35-40.
2. UN official website in Kazakhstan: un.kz/pages/30.jsp
3. Nazarbayev N.A. Critical decade. - Almaty: Atamura, 2003. - 240 p.
4. Declaration on Measures to Eliminate International Terrorism, G.A. Res. 49/60, U.N. Doc. A/RES/49/60 (Dec. 9, 1994).
5. M. Cherif Bassiouni, International Recognition of Victims' Rights, 6 HUM. RTS. L. REV. 203 (2006).
6. Rome Statute of the International Criminal Court arts. 68(3), 75, July 17, 1998, 2187 U.N.T.S. 90 (addressing victims' rights and reparation).

УДК 341.9

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ УНИФИКАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

**Адеубаева Айгуль Бауыржанкызы**

a.adeubaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

**Аңдатпа.** Мақалада халықаралық жеке құқықтағы унификация мәселесі талданып, түсіндірілді. Унификацияланған нормалардың құқықтық күші қарастырылды.

**Аннотация.** В данной статье анализируется и разъясняется вопрос об объединении в международном частном праве. Рассматривается юридическая сила единых норм.

**Түйінсөз.** Унификация, халықаралық құқық, халықаралық жеке құқық, халықаралық шарт, халықаралық ұйым, құқықтық норма, материалдық норма, процессуалдық норма, унификацияланған норма.

Құқықтық әдебиеттерде ішкі құқықтың дамуы әрқашанда көпті болсын, азды болсын халықаралық сипаттағы, яғни интернационалды процесс екені көрсетіледі, өйткені өзінің құқықтық жүйесін қалыптастыра отырып мемлекеттер бір-бірімен тәжірибе алмасады. Осындай тәжірибе алмасу кезінде құқықтық жүйелердің өзара ықпалдастығы жүйенің барлық элементтеріне таратылады – құқықтық санадан бастап құқықты қолдануға дейін және бұл процес жаһандану жағдайында айрықша көлемді сипатқа ие болады.

Ресейлік ғалым, профессор И.И.Лукашук құқықтың халықаралық сипатқа ие болуының басты ерекшеліктерін былайшы көрсетеді: «Бірде бір құқықтық жүйе таза ұлттық құбылыс емес деп тура айтуға болады. Бірде бір мемлекет басқа елдердің тәжірибесін ескерместен өзінің құқықтық жүйесін құрған емес», өйткені «қоғамдық қатынастар, демек олардың құқықтық реттелуі де неғұрлым күрделенген сайын, ұлттық құқықтық жүйенің міндеттері неғұрлым кеңейген сайын, шетелдік тәжірибені ескеру маңыздылығы соғұрлым жоғарылай береді» [1].

Демек, өз еркімен болса да, мәжбүрлеу түрінде болса да шетелдік тәжірибені қолданысқа алу құқықтық жүйелердің жақындасуының алғашқа нысаны болғаны анық.

Коллизиялық норма сілтеме жасайтын құқықтық мемлекет иесінің құқықтық жазбалары қолданылатын шетелдік элементі бар қатынастарды реттеу – халықаралық жеке құқық үшін бастапқы және дәстүрлі болып табылады. Алайда, бұл құқықтық әдісті пайдалану бірқатар қиыншылықтар және жағымсыз салдармен байланысты.

Біріншіден, жекелеген құқықтық жүйелердің коллизиялық нормаларында ерекшеліктер бар және бір ғана мәселелер бойынша олар әр түрлі мемлекеттердің құқықтарына сілтеме жасауы мүмкін. Мысалы, сыртқы саудалық сатып алу-сату шарттарының жағдайлары - бір елдерде шартты бекіту жері заңдарына, ал басқаларында – шарттың орындалуы жері заңына бағынады.

Екіншіден, қолданылуға жататын жекелеген мемлекеттердің құқығы бір ғана құқықтық институт үшін мазмұны бойынша әр түрлі нормаларды қамтуы мүмкін және оның өзіндік ерекшеліктері болады немесе егер, әңгіме сыртқы экономикалық байланыстың тәжірибесінен туындаған және ішкі құқық нормаларында көрініс таппаған институттар турасында болса, мүлдем қамтымауы мүмкін.

Осының нәтижесінде, шетелдік элементі бар азаматтық – құқықтық қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінде құқықтық анықсыздық туындайды және түпкілікті шешім тараптардың бірі үшін жағымсыз болуы мүмкін. Мысалы, сатып алушы өзінің елінде қолданылатын талаптың ескіру мерзімдерін басшылыққа алады, ал ол бекіткен сыртқы саудалық сатып алу-сату шарты бойынша, ескіру мерзімдері неғұрлым қысқа – сатушы елінің немесе үшінші бір елдің құқығы қолданылуға тиіс болады; сондықтан, сатып алушының құқықтары қорғалмай қалады [2].

Осыған орай, XIX ғасырдың аяғынан бастап, унификация үрдісі, яғни біркелкі (унификацияланған) коллизиялық нормалар қалыптастыру үрдісі басталды. Унификациялау мемлекеттер арасында бекітілетін халықаралық шарттар нысанында жүзеге асырылады. Осындай шарттардың қатысушылары болып табылатын мемлекеттер, осы шартта бекітілген біркелкі коллизиялық нормаларды қолдану міндетін мойындарына алады. Унификацияланған нормаларды пайдалану жоғарыда келтірілген кемшіліктерді ішінара жояды: «коллизиялардың коллизиясы» аяқты жағымсыз құбылыстарды жоюға, «ақсақ қатынастардың» пайда болу мүмкіндігін төмендетуге, ұлттық коллизиялық құқықтағы бос орындарды толтыруға септігін тигізеді.

Дегенмен, унификацияны реттеудің неғұрлым жетілген нысаны болуына қарамастан, ол кең тарала қоймады. XIX ғасырдың аяғында басталған унификациялау үрдісі 1902 және 1905 ж.ж., отбасы-некелік қатынастар аясындағы бірқатар мәселелер бойынша коллизияларды шешу ережелерін бекітетін бес конвенцияның қабылдануымен аяқталды. Бірақ, бұлар да кеңінен таралмады: оларға Еуропалық елдердің кейбіреулері ғана қатысты (Ресей оларды жасауға белсенді араласса да, қосылмады) және біртіндеп, қатысушы мемлекеттер саны азая түсті. Коллизиялық құқықты унификациялауға бағытталған басқа келісімдердің ішінен халықаралық сатып алу – сатуға қолданылатын құқық туралы Конвенциясын (1986ж.) атап өтуге болады (Бұл конвенция 1955ж. осы тектес конвенцияны ауыстырды).

Коллизиялық құқықты унификациялаудың сәтті үлгісі ретінде Латын Америкасы елдерінің жасаған аймақтық унификациясы болып табылады. 1928 жылы VI панамерикандық конференцияда құраушысы белгілі Кубалық заңгердің атымен аталған Бустаманте Кодексі қабылданды. Мәні бойынша бұл – коллизиялық құқықтың бірден-бір толық унификациясы болып табылады (437 баптан тұрады). Алайда, тіпті өзінің аймағында бұл шарт жалпыға бірдей қолданылмады: оны Орталық және Оңтүстік Американың 15 мемлекеті ғана ратификациялады (АҚШ оған қосылмады) [3]. Бустаманте Кодексі барлық континенттердегі коллизиялық құқықтың дамуына айтарлықтай ықпалын тигізді. Коллизиялық нормалардың унификациясы екі жақты негізде, әдетте, құқықтық көмек беру туралы шарттар бекіту нысанында анағұрлым кеңірек жүзеге асады.

Халықаралық жеке құқықта унификацияланған нормалар пәніне байланысты екі үлкен топқа: унификацияланған материалды нормаларға және унификацияланған процессуалды нормаларға бөлінуі тиіс.

Біріншілері шетелдік элементі бар азаматтық, отбасылық және еңбектік қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін біркелкі қылып анықтайды.

Екіншілері шетелдік элементі бар азаматтық-құқықтық дауларды сот органдарында және сыртқысаудалық аралық сот органдарында талқылау үшін ортақ ережелерді бекітеді [4].

Халықаралық жеке құқықтың нормаларын унификациялау саласындағы белсенді жұмысты БҰҰ – ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі Комиссиясы (ЮНСИТРАЛ) жүргізуде. БҰҰ қарамағында материалды-құқықтық унификациялау мәселелерімен ЮНКТАД, сонымен қатар, аймақтық органдар, атап айтқанда көлік мәселесіне ерекше көңіл бөлетін Еуропалық экономикалық комиссия айналысады.

Халықаралық жеке құқықтың нормаларын унификациялау көптеген мамандандырылған халықаралық ұйымдардың міндетіне кіреді: көлік саласында – азаматтық авиацияның Халықаралық ұйымы (ИКАО), Берндегі орталық бюро (теміржолмен тасымалдау), Халықаралық теңіз ұйымы және Халықаралық теңіз комитеті; ойлап табу және авторлық құқық саласында – интеллектуалды меншіктің Бүкіләлемдік ұйымы [5].

Унификациялау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық шарттардың жобалары Римде – 50-ге жуық елді біріктірген халықаралық мемлекетаралық ұйым - жеке құқықты унификациялау жөніндегі Халықаралық институтпен (УНИДРУА) дайындалған.

Унификацияланған материалды азаматтық-құқықтық нормалардың халықаралық жеке құқыққа жату-жатпауы даулы мәселе болып табылады. Бір авторлар мұндай нормалар халықаралық жеке құқықтық нормативтік құрамына кірмейді деп есептесе (мысалы, Г.К.Матвеев), енді біреулері (олар басымырақ - М.М.Богуславский, В.П.Звекон, М.Н. Кузнецов, С.Н.Лебедев, А.Л.Маковский және т.б.) керісінше, олар халықаралық жеке құқықтың бір бөлігін, тіпті үстем бөлігін құрайды деп есептейді [6].

Қарастырылған ұстанымдардың тұрғысынан «халықаралық азаматтық процесс (іс жүргізу)» деп аталатын процестің нормаларының орны жөніндегі мәселені шешу қажет. Азаматтық процесс – бұл, соттардың және құқыққолданушы басқа да органдардың азаматтық істерді шешу жөніндегі заңмен реттелген қызметі екені бәрімізге мәлім. Халықаралық азаматтық процесс болса, бұл – сот және басқа да құқыққолданушы органдардың шетелдік элементпен күрделендірілген азаматтық істерді шешу жөніндегі заңмен реттелген қызметі.

Азаматтық процесс саласындағы нормаларды унификациялау да шетелдік элементі бар қатынастарды құқықтық реттеудің біркелкілігіне қол жеткізуге бағытталған. Мұндай унификацияның міндеті – ұлттық процессуалдық құқықтың нормалардағы өзгешеліктермен оқшылықтарды жою және осылайша, соттың және сыртқысаудалық аралық органдардың қызметін жеңілдету, шетелдегі азаматтар мен заңды тұлғалардың мүлкітік құқықтарының қорғалуын күшейту болып табылады.

Унификацияланған процессуалды нормаларды қамтитын көп жақты халықаралық шарттардың ішінен, халықаралық жеке құқық жөніндегі Гагалық конференциялар шеңберінде дайындалған конвенцияларды және ең алдымен 1954 жылғы азаматтық процестің мәселелері жөніндегі Гаага конвенциясын атап өткеніміз жөн. Шетелдік аралық шешімдерді атқару жөніндегі 1958 жылғы Нью – Йорк конвенциясы да кеңінен танылды. Процессуалды нормаларды унификациялау туралы көп жақты халықаралық шарттар - ӨЭК (Өзара Экономикалық Көмек) – тің мүше елдерімен, сонымен қатар – Жалпы нарықтың қатысушы – мемлекеттерімен бекітілген.

Унификацияланған нормалардың құқықтық күші халықаралық шартпен анықталады және осындай нормалардың міндетіне байланысты болады. Көліктік конвенцияларда көптеген нормалар, ең алдымен тасымалдаушының жауапкершілігі туралы нормалар императивті болып табылады. Десек те, унификациялау саласындағы кейбір халықаралық

шарттар негізінен диспозитивті нормаларды қамтиды, мысалы, БҰҰ-ның 1980 жылғы тауарларды халықаралық сатып алу - сату шарттары туралы Конвенциясы.

Көпжақты шарттардың, үлгілік заңдардың, ұсыныстардың негізінде жүзеге асырылатын халықаралық жеке құқықтың нормаларын унификациялаудағы жетістіктер бірқатар халықаралық органдар мен ұйымдардың қызметімен тығыз байланысты. Осы саладағы анағұрлым елеулі нәтижелерге қол жеткізу - халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының жеке құқықты унификациялау жөніндегі Халықаралық институттың (УНИДРУА) халықаралық сауда құқығы жөніндегі БҰҰ Комиссиясының (ЮНИСТРАЛ) тырысушылықтарының арқасында мүмкін болды.

Гаага конференциясы – 1955 жылы 15 шілдесінде қабылданған статусына сәйкес міндеті - халықаралық жеке құқықтың нормаларын унификациялау болып табылатын үкімет аралық ұйым.

Гаага конференциясының сессияларында қабылданған конвенциялар қарастырған сұрақтарды шартты түрде келесі негізгі бөліктерге бөлуге болады: тауарларды халықаралық сатып алу-сату, халықаралық азаматтық процесс, отбасылық қатынастар, мұрагерлік. Тек 1951-1996 жылдардың ішінде Гаага конференциясының сессияларында 32 конвенция қабылданды.

Жеке құқықты унификациялау жөніндегі Халықаралық институт (УНИДРУА ) 1926 ж. Ұлттар Лигасының көмекші орган ретінде құрылды. Ұлттар Лигасының қызметінің тоқтатылуымен және 1940 ж. УНИДРУА үкіметаралық ұйым ретінде жұмыс істеп келеді (орналасқан жері - Рим қаласы). Институттың мақсаттары болып, гармонизация жолдарын зерттеу және жекелеген мемлекеттер немесе мемлекеттер тобының жеке құқығын үйлестіру, оның бірегей нормаларын жасау табылады.

Халықаралық жеке құқықтағы унификацияның дамуы және мемлекеттік егемендікті сақтаудың арасындағы қайшылықтардың мәселесі шетелдік элементі бар азаматтық – құқықтық қатынастарды мемлекеттік емес реттеу жолымен шешілуі мүмкін.

Қорытындылай келе, шаруашылық өмірдің интернационализациясы ұлттық құқықтың өсіп келе жатқан халықаралық шаруашылық байланыстардың жаңа ағынын әсерлі реттеу қабілеттігін төмендетуге әкеліп соқтыратындығын атап өту қажет. Бұл жағдай қазіргі халықаралық жеке құқықтағы материалды нормаларды унификациялаудың рөлін арттыруды шарттандырады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лукашук И.И. Глобализация, государство, право, XXI век. – М.: Спарк, 2000.
2. Международное частное право: Учебное пособие /Г.К. Дмитриева, А.С. Довгерт, М.: Юрист, 1993.
3. Международное частное право: Учебник. Отв.ред. М.А.Сарсембаев. Алматы: Ғылым, 1998.
4. Международное частное право: Учебник. Отв. ред. д.ю.н. проф. О.Н. Садиков. М.: Юридическая литература, 1984.
5. Международное частное право: Учебник. Отв. ред. д.ю.н. проф. Г.К. Дмитриева, А.С. Довгерт, М.: Юрист, 1993.
6. Звеков В.П. К вопросу о соотношении материально-правового и коллизийного методов в частном праве //Советский ежегодник международного права. 1973. М., 1975.